АРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# І ТУЫ

ИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

ктябрь Жұма | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын

Өнеркәсіптің барлық салаларында өнімнің сапасын онан әрі мықтап арттыру қамтамасыз етілсін. Халық шаруашылығының тілектеріне сәйкес өнімнің ассортименті көбейтіліп жақсартылсын, сонымен қатар, оның дефицит түрлері мен сорттарын өндіру ұлғайтылсын. Кәзіргі заманның талаптарына сай келетің мемлекеттік стандарттар батыл қолданылсын.

**(БК(б)П Орталық Комитетінің „Партияның XIX съезінің СССР-ны өркендетудің 1951-1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директивалары“ жобасынан).**

## ...сқа
## ...лсын

кұмыстарын аяқ-
облысымыздағы
ының бірі —Ки-
лайық. Бұл кә-
ылыс жұмыстары
өте-мөте баяу

кооперациясы
вик» кәсіпшілік
редседателі Юрьев
ы негізгі өндіріс
үшін жаңадан үй
латын. Артель
деттемесіне қара-
яудағы күндердің
еді. Бірақ, осы
құрылыстың оа-
ған жоқ. Шынын
н құрылысты та-
үзеге асыруға то-
рақ, оның кеше-
басшыларының
нан деп бағалау

ысқа әзірленуінде
жүзеге асырумен
дар мен отынды
қарады. Алайда,
әсіпорындарының
өлшерде материал-
н, отынды әзір-

## ТЕЛЕГРАММА

## *Қытай Халық Республикасы Орталық Халық Үкметінің Председателі МАО ЦЗЕ-ДУН жолдасқа*

ПЕКИН

Қытай Халық Республикасының құрылғанына үш жыл толуына байланысты, Председатель жолдас, Сізден менің шын жүректен білдірген құттықтауымды қабыл алуыңызды сұраймын.

Ұлы қытай халқының, Қытай Халық Республикасы Үкметінің және Сіздің қуатты халық-демократиялық Қытай мемлекетін орнатуда жаңа табыстарға жетулеріңізді тілеймін.

Қиыр Шығыста және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік пен хауіпсіздіктің берік тірегі болып отырған Қытай Халық Республикасы мен Советтік Социалистік Республикалар Одағының ұлы достығы нығайып, көркейе берсін!

И. СТАЛИН.

## ТЕЛЕГРАММА

## *Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Әкімшілік Советінің Премьері және Сыртқы Істер Министрі ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙ жолдасқа*

ПЕКИН

Қытай Халық Республикасының құрылғанына үш жыл толған күні, Премьер және Министр жолдас, Сізден менің шын жүректен білдірген құттықтауымды және жаңа, халық-демократиялық Қытайды орнатуда, Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы халықтарының арасындағы ұлы достық ты нығайтуда, бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздікті сақтау жолындағы күресте онан әрі табысқа жетуге шын тілектестігімді қабыл алуыңызды сұраймын.

А. ВЫШИНСКИЙ.

# СОВЕТ ОДАҒЫНДА

## Халықтық демократия елдерінде

### БК(б)П XIX съезінің құрметіне

ПРАГА, 30 сентябрь. (СОТА). Чехословакияның өнеркәсіп орындарының, шахталарының бірыңғай ауылшаруашылық кооперативтерінің жұмысшылар коллективтері БК(б)П XIX съезінің құрметіне алған міндеттемелерін артығымен орындауда.

Остравадағы «Нова свобода» газеті былай деп хабарлайды: Крнов қаласындағы металл өңдеу заводының жұмысшылары, инженерлері мен техниктері БК(б)П XIX съезінің құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, 26 сентябрьде жылдық жоспарды орындап шықты.

Богумадағы Густав Клемент атындағы металлургия заводының жұмысшылары Ярослав Нерыхель мен Лео Мещак съездің ашылуын болатты шапшаң балқытумен қарсы алуға міндеттенді. Олар өз міндеттемесін орындауда. Кәзірдің өзінде болатты 9 рет шапшаң қорытты.

СОФИЯ, 30 сентябрь. (СОТА). Болгар еңбекшілері БК(б)П XIX съезін жаңа өндірістік жеңістермен қарсы алуда.

Софиядағы «Хаджи Димитр» мемлекеттік өнеркәсіп орны сентябрь жоспарын едәуір асыра орындады. Мұндағы жұмысшылардың бәрі дерлік съезд алдындағы жарысқа белсене қатысуда.

Родоскоп кен- руда бассейнінің кеншілері зор жігермен еңбек етуде. «Страшемир» руднигінің коллективі үшінші тоқ-

XIX съезі қарсаңындағы бүкілхалықтық социалистік жарыс күндерінде қысқа әзірлік жұмысының жан- жақты тыңғылықты жүргізілуін қамтамасыз етті. Олардың ішінде кейбіреулері алған социалистік міндеттемелерге сәйкес бүгінгі күнге қысқа әзірлікті толық аяктап отыр.

Алайда, бірқатар кәсіпорындары өткен қысқы маусымда кездескен елеулі кемшіліктерге қарамастан осы уақытқа дейін

Сондықтан кәсіпорындарының басшылары, партия және кәсіподақ ұйымдары әрбір кәсіпорнының жыл бойына бірқалыпты, тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті. Бұл үшін қысқы жағдайлардың өзінде жазғы күндердегідей еңбек өнімділігінің ешбір төмендемеуіне жетісу керек. Сонда ғана өндірістің барлық салаларында мемлекеттік тапсырмалардың қалыткысыз жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге болады.

# Колхоз шаруашылығы өркендеуде

КОСЕСТЕК. (Ақтөбе облысы). (ҚазТАГ). Осыдан екі жыл бұрын Степной ауданындағы Буденный атындағы және «Червонное поле» ауылшаруашылық артельдері Буденный атындағы іріленген колхоз болып бірікті. Ол кезде екі артельдің егістік жері 3 мың гектар, табысы —298.000 сом болатын.

Іріленген колхоз күшті өркендеді. Былтырғы жылдың өзінде ғана оның табысы екі есе артты. Колхозшыларға астықтан басқа әр еңбеккүнге 2 сом 20 тыйыннан ақша берілді.

Колхоз быйыл жаңа табыстарға жетті. Егіс көлемі 4500 гектарға дейін жеткізілді. Тоғыз танапты ауыспалы егіс тәртібі меңгерілуде. Егіс далаларында Ащылысай МТС-нің 13 трактор, 7 комбайн тағы басқа көптеген машиналары жұмыс істейді.

Быйыл бидайдың едәуір бөлегінің әр гектарынан 100 пұттан өнім жыйналды.

Артель астық тапсыру жөнінде мемлекет алдындағы борышын мерзімінен бұрын өтеді. Тұқым және сақтық қоры толық жасалды. Кәзір колхозшылардың еңбеккүндеріне аванс астық берілуде. Әр еңбеккүнге 5 килограмнан бидай берілді. Колхоздың табысы кәзірдің өзінде-ақ миллион сомнан асып түсті.

Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының жобасын талқылай келіп Буденный атындағы ауыл шаруашылық артельдің колхозшылары бақытты, ауқатты тұрмысы үшін коммунист партиясы мен туысқан Сталин жолдасқа шексіз алғыс айтуда. Олар съезд ашылатын күнге дейін егін жыйнауды және күздік егуді толық аяктап, зябь жыртудың қарқынын күшейтуде, қоғамдық малды жылы қорамен, жеткілікті жемшөппен қамтамасыз етуге міндеттенді.

# Жаңа мақта тиелген керуендер

ЖАҢАҚОРҒАН. (Қызылорда облысы). (ҚазТАГ). Партияның XIX съезі құрметіне Жаңақорған ауданының мақташылары еңбек вахтасына тұруда. «Кеңес» ауылшаруашылық артелінің мақта плантациясынан мақта жоспардағыдан төрт центнер артық алынбақ. Мақташылар мақта жыйнау жұмысын үлгілі ұйымдастырды, мақта теру графигі күн сайын 40—50 процент асыра орындалады. Ленин атындағы, «Политотдел», «Бірлік» колхоздарында мақта терушілер күн сайын нормаларын асыра орындайды.

Жаңақорған мақташылары мемлекетке мақта тапсыру жоспарын 7 ноябрьге дейін орындауға міндеттенген болатын. Міндеттеме кәзір ойдағыдай орындалуда. Барлық ауылшаруашылық артельдерінде мақта кептіргіштер жабдықталып, жеткілікті мөлшерде арбалар, таразылар бөлінген. Күн сайын қабылдау пункттеріне жаңа мақта тиелген қызыл керуендер қатынайды. Кеше Жаңақорған ауданының колхоздары тапсырған мақта мақта тазартатын заводтарға жөнелтілді.

## ЖАСАУШЫЛАРЫ 9 АЙЛЫҚ ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАДЫ

ГОРЬКИЙ, 30 сентябрь. (СОТА). В. М. Молотов атындағы автомобиль заводында бүгін партияның XIX съезінің құрметіне алынған міндеттемелерді орындаудың қорытындысы шығарылды. Товарлы және жалпы өнім шығарудың 9 айлық жоспары мерзімінен бір апта бұрын орындалды. Жүк және жеңіл автомобильдер шығарудың 9 айлық жоспары да мерзімінен бұрын аяқталды. Завод коллективі 29 сентябрьге дейін жоспардан тыс бірнеше мың велосипед және біржарым миллион сомнан асатын көпшілік тұтынатын товарлар шығарды.

## ТОҒЫЗ АЙЛЫҚ ЖОСПАРДАН ТЫС

ТАШКЕНТ, 1 октябрь. (СОТА). Ташкенттің карборунд заводы партияның XIX съезі құрметіне алған міндеттемесін мерзімінен бұрын орындады. 9 айлық программадан тыс жүз мыңдаған сомның өнімі берілді. Карборунд тоннасының өзіндік бағасы едәуір кемітілді.

Сентябрьде заводта шапшаңдатылған әдіспен көптеген карборунд қорытылды.

тіп, депоның жұмысшылары локомотивтерді жөндеудің сентябрь айындағы жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Съезге тарту ретінде программадан тыс бір локомотив көтеріп жөндеуден шығарылып, бірнеше машина жуылып, жөнделді. Осымен жөндеушілер съезд қарсаңындағы міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындады.

Машинистер стахановша еңбек етуде.

Машини...
сы алда ...
ған күнде...
14 поезд ...
Бруевич, ...
лары сал...
одан арть...

# Октябрьдің есебіне өні...

ДНЕПРОДЗЕРЖИНСК, 30 сентябрь. (СОТА). Бүгін металлургтер, вагон жасаушылар, химиктер, энергетиктер съезд қарсаңында алған міндеттемелерін орындаудың қорытындысын шығарды.

Дзержинский атындағы заводтың коллективі 9 айлық жоспардан тыс мыңдаған тонна шойын мен болат қорытты. Шеберлер Николай Ковозин, Василий Филиппов, Николай Слынько тоғызыншы домна пешінде газдың қысымын арттыра отырып, жұмыс істеуде. Олар соңғы тәуліктерде пештің пайдалы көлемінің жоспар бойынша 0,82 текшеметрінің орнына әрбір 0,73 текшеметрінен бір тоннадан шойын алды. Тәуліктік тапсырмадан тыс

250 тонн...
Кеше ...
9 айлы...
лық цикл...
ты.

«Правд...
дының қ...
есебіне ж...
эшелоны ...

Баглей...
дының қ...
жоғары ...
Куйбышев...
жоспарда...
та міндет...
асыра ор...



Сталинград су электр станциясы құрылысы. Еділ—Ахтуба кеме жүру каналы құрылысы каналдың бойында жер казуда.

# ...ері партияның XIX съезіне тартулар әзірлеуде

☆



...листік жарыста жылдамдатылған әдіспен жұмыс істеуші ...авл паровоз деносының механикалық цехы бойынша ...ірі болып отыр. Ол күн сайын тапсырманы 270 процент ...ста ешқандай ақау жібермейді.
...қ участоктің бригадирі **Г. Прудников** жолдас токарь ...егін байқап тұр. Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## ...жаңа табыстарымыз

...зінің ашылу
...ікті толық
...ыстармен қар-
...өлімше мүше-
... міндеттемелер
...ві алған мін-
...ндап шығу
...ағы бастл
... санын онан
... оның өнім-

пабы бар. Мал шаруашылығындағы ма-шиналарды іске қосу және мал қораларына жарық беру үшін бөлімшелерде электр станциясы салынды. Суды молайту және мал суаруды жеңілдету үшін бөлімшенің орталығында және мал фермасы жанынан котлован қазуға кірістік.

Мал басының қыстан аман шығарылуы, оның қоңының төмендемеуі тек мал қораларының жақсы болуына ...

☆

## Зор ұйымшылдық

Совет ауданындағы «Аралағаш» ауылшаруашылық артелінің мүшелері қоғамдық мал шаруашылығын өркендете беру мақсатымен мал қыстатуға әзірлік жұмыстарын зор ұйымшылдықпен жүргізуде. Мал қораларын жөндеу және жаңадан салу аяқталып келеді. Мал азығын тасу жұмыстарының қарқыны еселеп артуда. Бұл жұмыстарда коммунист Е. Көшібаев, Т. Әлімтаев жолдастар белсенділік көрсетуде. Бұлар шөп тасуда күнделік тапсырмаларын 150 процентке дейін орындап жүр.

Сабан мен мекен малдың құнарлы азығы болып саналады. Бұл колхоздың мал өсірушілері егін алаңдарындағы барлық сабан мен мекенді толық жыйнап, маяға салды. Ферма басқарушылары сабан мен мекенді малға қыстың алғашқы айларында, малдың қоңды кезінде беріп, жемшөпті үнемдеп пайдалануды ұйғарып отыр.

**Ж. КАБДРАХМАНОВ.**

## Қарқын арта түсті

Тоқшын совхозының коллективі зябь жырту жұмысын егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарымен ұштастыра жүргізген болатын. Қазір мұнда зябь жыртудың қарқыны еселеп арта түсті. Тракторлардың барлығы дерлік зябь жыртуға пайдаланылуда.

Совхоздың № 3 бөлімшесіндегі механизаторлар зябь жыртуда алдыңғы қатарда келеді. Бұл бөлімшеде «ДТ—54» тракторында жұмыс істейтін тракторшы Д. Яковенко және Мататаев жолдастар тапсырма бойынша бір сменада 8 гектар зябь жыртудың орнына 11-12 гектардан ...

# Еңбектің озат әдістерін кеңінен тарату—аса маңызды міндет

Социалистік жарысқа дұрыс басшылық жасаудың негізгі бір шартына сәйкес, кәсіпорнындағы өндірістік табыстардың кілті —өндіріс процесінде үнемі туып отыратын әрбір жаңалықты дер кезінде байқап, оны қолдай білу керек. Стахановшылар мен өндіріс жаңашылдарының бастамаларын мұқыят зерттеп, оны көпшілік арасына кеңінен таратып отыру— өндіріс басшыларының негізгі міндеттерінен саналады.

Бірақ, еңбек озаттарының әдістерін тарату ісінде науқаншылдық, формализм және жеке адамдардың табысын бетке ұстап, даурығушылық орын алмасқа тиіс. Жеке адамдардың табысына қанағаттанып, кейде бір бастаманы қолдаған болып, оны көпшіліктің игілігіне айналдыру үшін ешнәрсе істемеу бүгін бір, ертең екінші бастамамен шұғылдану өндіріске пайда келтірмейді.

Ал, кейде еңбек озаттарының бастамасын науқаншылдыққа айналдырып жікберушілік, немесе оған мән бермеушілік сыяқты әдеттер кездесіп отырады. Бұған мысалға Петропавл темір жол бөлімшесін алуға болады.

Жол бөлімшесінің торaптық партия комитеті, кәсіподақ комитеті және бөлімшенің басшылары, сол сыяқты, кейбір бастауыш партия ұйымдары жаңашылдардың бастамасын қысқа мерзімді науқан есебінде жүргізіп, көп кешікпей ол туралы ұмытып та кетеді.

Ленинградтағы Свердлов атындағы заводтың токарі Борткевич жолдас металды шапшаңдатылған әдіспен кесудің жаңа бастамасына инициатор болған кезде Петропавл станциясы паровоз деносының жұмысшылары бұл бастаманы қаламыздағы бірінші болып қолдады. Үздік токарьдің жұмыс тәжрибесін зерттеп, үйрену үшін Ленинградқа жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің бір тобы барып та қайтты. Ленинградта бірнеше ...

Алайда, бір жыл өткеннен кейін депода және жол бөлімшесінде шапшаңдатылған әдіспен металл кесуге жеткіліксіз көңіл бөлініп, ақырында ол туралы сөз болу да қойылды. Станоктарды жетілдіру туралы басшылардың берген уәделері орындалмай қалды, өндірісті материалдармен және темір кесетін аспаптармен қамтамасыз ету тіпті ұмытылды десе де болады. Материалдардың жеткіліксіздігінен көп уақыт бос қа өтіп жатты, соның салдарынан көптеген станокшылардың шапшаңдатылған әдіспен металл кесуі бірнеше есе кеміді.

Темір жол торабының кәсіпорындары мен облысымыздың басқа кәсіпорындарында жаңашыл инженер Ф. Ковалевтің бастамасын жұмысшылар коллективі қызу қолдады. Бірақ, көптеген шаруашылық басшылары бұл бастаманы өндіріске енгізу жөнінде нақты жұмыс істей алмады. Жергілікті партия орындарының қатты талап етуінен кейін Ковалевтің бастамасын темір жол бөлімшесінде қолдану жөнінде біраз жұмыстар істелгені рас. Бірақ, бұл бастаманың тағдыры да шапшаңдатылған әдіспен металл өңдеу жөніндегі бастаманың тағдырындай болды.

Ковалев баспасөз бетінде өзінің озат тәжрибесін баяндағаннан кейін темір жол бөлімшесінде, сол сыяқты, жол торабының кәсіпорындарында инженер- техник қызметкерлерінің кеңесі өткізіліп, стахановшылардың озат тәжрибелерін зерттеу және оларды іріктеп алу жөнінде методикалық бюролар құрылды. Әйткенмен, бұларға үнемі бақылау, жанды басшылық жеткіліксіз болғандықтан олардың жұмысы көңілдегідей болмады. Стахановшылардың озат тәжрибелері көпшіліктің игілігіне айналдырылмай, инженер Ковалевтің бастамасы кейде өндіріске енгізуге жете назар аударылмай жүрді. Паровоз депосында таңдаулы машинашы...

